



НАУРЫЗНАМА: «ҚЫДЫР АТА» ФЕНОМЕНІ

4



ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЙРАҒЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ ТУ ДЕП ТАНЫЛДЫ

7

№11-12 (752). 20 наурыз, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!



# ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



## ЖАУЫНГЕРЛІК ҚОЛӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТҚАН ШЕБЕР

Адам өмірінде бір кезең аяқталып, екінші белес басталатын сәт болады. Біреулер сол шақта бейқам тыныштық кешсе, енді біреулер «өмірімнің жаңа деңгейіне жол ашылды» деп өзін жаңа қырынан таниды. Сондай жандардың бірі – Төлеби ауданы, Ақайдар ауылының тумасы Рамазан Терлікбаев. Қазіргі таңда темір мен теріні «тілге келтірген» әуесқой шебер ұлттық жауынгерлік қолөнерді дамыту мен дәріптеуді өз өмірлік мақсатына айналдырған.

Оның о бастағы мамандығы дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болғанымен, кейін білімін толықтырып, заңгерлік саланы меңгерді. Осылайша саналы ғұмырының 25 жылын полиция қызметіне арнап, ел тыныштығы жолында абыроймен еңбек етті. Подполковник погонын шешіп, зейнеткерлікке шыққан соң да қол қусырып қарап қалуды жөн көрмеді. Бүгінде ол ертұрман, ат әбзелдері, сауыт-сайман, садақ жасау секілді ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан қазақтың ата кәсібін жаңғыртып, өзінен кейінгі ұрпаққа өнеге боларлық іспен айналысып отыр.

Ширек ғасыр құқық саласында қызмет еткен адамның ұлттық қолөнерге бірден бет бұруы көпшіліктің, әсіресе оның қызметтестерінің таңданысын тудырды. Себебі заң мен тәртіпті қамтамасыз ететін ресми сала мен шығармашылық шеберлік бір-біріне мүлде ұқсамайтыны сөзсіз.

Рамазан қолөнерге деген қызығушылығын табандылығы арқылы дамытты. Отбасында атасы қобыз жасаумен айналысқан шебер болғанымен, бала Рамазан көнекөз қарияның көзін көрмеген. Соған қарамастан, өз қабілетін тек тектен келген қасиет деп есептемейді. Оның ойынша, адам бір іске адал ниетпен кіріссе, Алла соның жолын жеңілдетеді. Бұл – жай ғана айтылған сөз емес, өз өмірінен көрген тәжірибесіне негізделген пікірі еді. Сондықтан шынайы ынта мен табандылық адамның мүмкіндіктерін кеңейтетініне өз көзімен бірнеше рет куә болған.

### Ізденістен басталған іскерлік

Ол кәсіпке біртіндеп қадам баса бастады. Алғашқыда, қолөнердің қыр-сырын үйрену үшін ауылдасы Нұрлан Жұмабаевтың «Алаш» базарындағы ат әбзелдерін жасайтын дүкеніне жиі бас сұғатын. Басында жай ғана жолдасына көмектесу үшін баратын. Мұнда Нұрлан ердің жүгенін жасап, тартпасын тігіп жатса, Рамазан оның сыртын былғарымен қаптайтын. Уақыт өте келе көзі де, қолы да үйренді. Көңілі біржола осы кәсіпке ауа бастайды.

(Жалғасы 3-бетте) ▶



## Хош келдің, аз Наурыз

Құрметті оқырмандар! Сіздерді көктемнің жарқын мерекесі – Ұлыстың ұлы күні 22 наурызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл күн – жаңару мен жаңғырудың, бірлік пен берекенің, татулық пен ізгіліктің символы. Табиғат түлеп, жер бусанып, тіршілік атаулы қайта жанданып, адамзат баласына үміт пен қуаныш сыйлайтын ерекше кезең.

Наурыз – өткенді саралап, болашаққа нық қадам басатын, өкпе-ренішті ұмытып, жақсылыққа ұмтылатын мереке. Тек мереке ғана емес, ұлттық рух пен мәдениеттің, салт-дәстүрдің айқын көрінісі. Бұл күні адамдар бір-біріне ақ тілек айтып, ренжіскен жандар татуласып, ағайын-туыс, көрші-қолаңмен қауышып, ізгі ниеттерін білдіреді. Дастарқан жайылып, наурыз көже әзірленіп, ұлттық тағамдар ұсынылады. Молшылық пен тоқшылықтың белгісі де осында жатса керек.

Наурыз әр шаңыраққа құт-береке, ырыс-несібе, молшылық пен бақыт әкелсін! Ел іргесі аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болғай! Ұлыс оң, ақ мол болсын! Наурыз мерекесі құтты болсын!

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



КЕШЕ: БҰРЫН ҚАЗАҚТАР НАУРЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАҒАН?

7

# БАНКРОТ ДЕП ТАНЫЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚАРЫЗДАРЫ КЕШІРІЛЕ МЕ?

**Бүгінгі қоғамдағы ең маңызды және өзекті мәселелердің бірі – жеке тұлғалардың ҚР екінші деңгейлі банк пен микроқаржылық ұйымдары алдындағы өтелмеген қарыздары. Көпшіліктің көкейінде тұрған тағы бір сұрақ – кредитті төлемей қалай банкрот деп танылуға болады, банкрот болған соң оның салдары қандай болады?**

2022 жылғы 22 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Банкроттық туралы заң) қол қойды. Заң қолданысқа енгізілген сәттен бастап банкроттыққа өтініш білдірген адамдардың саны өсіп жатқаны байқалады. Биыл банкроттықты рәсімдеуге 77 106 адам соттан тыс және сот тәртібімен өтініш берді, деп хабарлады Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті. Мемлекеттік кірістер органдары арқылы 28,4 мың азамат, сот шешімі бойынша 196 азамат банкрот деп танылды. Міндеттемелердің жалпы сомасы – 147,1 млрд теңге. «Банкрот рәсіміне ең көп өтініш Алматы облысында берілген – 23 мың өтініш, бұл – республика бойынша барлық өтініштің 11,8 пайызы. Ең аз өтініш Ұлытау облысында тіркелген – шамамен 2 мың, яғни 1 пайыз. Банкроттардың орташа жасы – 44. Ең егде банкрот – 1943 жылы туған Шымкент тұрғыны, оның қарызы 370 мың теңге. Ең жас банкрот – 2005 жылы туған Астана тұрғыны, оның берешегі 856 мың теңге».

**Банкроттық туралы заң рәсімнің үш түрін көздейді, олар – соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру.** Аталған рәсімдерге тек қарыз алушының өзі бастамашы бола алады, яғни кредитор борышкердің банкроттығына өтініш беруге құқылы болмайды.

**1. Соттан тыс банкроттық қашан қолданылады?** Қарыз алушы жеке тұлғаның банкрот, микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің алдындағы берешегі 1600 айлық есептік көрсеткіштен (2023 жылы бұл 5 млн 520 мың теңге) аспайтын болса, онда ол соттан тыс банкроттық

рәсімін қарастыра алады. Бірақ қарыз алушы төмендегідей кейбір талаптарды сақтауы керек:

- оның атына тіркелген, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлік болмауы керек;

- өтініш берілген күні, қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлардың, коллекторлардың алдында міндеттемелер бойынша төлем жасамаған болуы тиіс;

- мерзімі өткен берешек туындаған уақыттан бастап 18 айдан аспайтын мерзімде борышкерге қатысты кредиттік шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілген болуы тиіс;

- өтініш берілген күні ол 7 жыл бойы банкроттықты қолданбаған болуы тиіс. Сондай-ақ соттан тыс банкроттыққа өтініш берілген күні 5 жылдан астам уақыт бойы өз берешегін өтемеген қарыз алушы жеке тұлғалар жүгіне алады.

Соттан тыс банкроттыққа өтінішті қалай қайда тапсыруға болады? Өтінішті, электрондық үкіметтің www.egov.kz. веб-порталы арқылы беруге болады. Өтінішке кредиторлардың атауын, берешек сомасын, орналасқан жерін көрсете отырып, кредиторлардың тізімі, борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

**2. Сот арқылы банкроттық қашан қолданылады?** Азаматтар аталған рәсімді 1600 АЕК-тен астам борыштар бойынша (2026 жылы – 6 млн 920 мың теңге) және кредиторлар алдындағы борыштардың барлық түрлері бойынша қолдана алады. Осы рәсімді қолдану барысында борышкерге: мүлікті иеліктен шығару немесе жаңа міндеттемелер қабылдау бойынша мәмілелер жасауға (қарыздар алу, кепілдіктер мен кепілгерліктер беруге), шетелге шығуға тыйым салынады. Осы рәсімді қолданғаннан кейін борышкерге «банкрот» мәртебесі беріледі.

Сот арқылы банкрот деп тану туралы өтінішті борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беруге болады. Банкроттықты өткізу мерзімі – 6 ай, оны тағы алты айға ұзарту мүмкіндігі бар. Өтінішке:

- берешек сомасы мен олардың туындаған күнін, тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің мекенжайын, оларға кейін хабарлау үшін электрондық мекенжайлары және байланыс телефондардың нөмірлерін (мұндай ақпарат болған кезде) көрсете оты-

рып барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі;

- банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінуден алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса беру арқылы борышкер мүлкінің тізімдемесі;

- азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелердің, оның ішінде талаптары борышкер мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш бергенге дейінгі соңғы үш жылдағы тізбесі;

- борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

**3. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі қашан қолданылады?** Тұрақты кірісі бар азаматтар осы рәсімді қолдана алады, ол борышты 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігін сот арқылы алуды көздейді. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтініш беруді жоспарлап отырған борышкер үшін жалғыз шарт – борыш мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүліктің құнынан аспауы керек. Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі. Қалпына келтіру шаралары:

- мүліктің бір бөлігін сатуды;
- мүлікті жалға беруді;
- жаңа үй сатып алу арқылы тұрғын үйді сатуды;
- құны төмен тұрғын үйге айырбастауды және басқаны қамтиды.

Бұл рәсімнің басымдылығы осы рәсімнен кейін борышкерге «банкрот» деген мәртебе берілмейтіндігі, яғни оған банкрот болған адам үшін көзделген салдарлар қолданылмайды, сондай-ақ шетелге шығу түрінде шектеулер жоқ.

Өтінішті, борышкердің тұрғылықты жері бойынша сотқа беруге болады. Өтінішке:

- қажетті ақпаратты көрсете отырып барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі;

- азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де міндеттемелердің, оның ішінде талаптары борышкер мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген міндеттемелер бойынша сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш бергенге дейінгі соңғы үш жылдағы тізбесі;

- борышкердің мерзімі өткен берешекті реттеу шараларын қабылдағанын растай-

тын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға банкрот деп танылған жағдайда оның салдары қандай болады? Соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға шешім қабылдаған азамат мыналарды білгені дұрыс:

- 5 жыл бойы қарыз және микрокредит алуға тыйым салынады (ломбарттардың микрокредиттерін алуды қоспағанда);

- қайта банкроттық болу 7 жыл өткен соң ғана мүмкін болады;

- банкрот болған тұлғаның қаржылық жағдайына банкроттықтан кейін 3 жыл бойы мониторинг жүргізілетін болады. Ол адам кенеттен байып, түрлі мүлік сатып алса (пәтер, көлік, т.б.), мемлекеттік орган сұрақтар қойып, тергеуі мүмкін. Азамат кредитор алдындағы міндетін орындамау үшін қитұрқы әрекетке барса, мүлкін, табысын жасырса, жалған ақпарат берсе, әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Жалған банкрот деп танылған адамға 200 АЕК (86500 тг) айыппұл салынады. Мүлкін жасырғандар – 100 АЕК (432 500 тг), қарызды реттеу мәселесі кезінде жасалған заңсыздық үшін 15-100 АЕК (64875 – 432500 тг) айыппұл төлейді.

Иә, адам банкрот болып танылса, барлық қарызынан құтылады, яғни оны кейін қайтаруға міндеттелмейді, бірақ барлық санаттағы істер бойынша емес. Атап айтқанда алименттер бойынша, басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық бойынша шығынды өтеу бойынша борыштар, мемлекет кірісіне өндірілетін айыппұлдар мен төлемдер банкрот болып табылмайды.

Кейінгі уақытта әлеуметтік желілерде азаматтардың банкроттығы бойынша ақылы қызмет көрсететіндер көбейген. Біле жүріңіз, соттан тыс рәсім тегін жүргізіледі. Банкроттық туралы толық ақпарат алу үшін «1414» бірыңғай байланыс орталығына (қосымша «3» нөмірін теру керек) немесе Telegram-дағы SalyqBot көмегіне жүгінуге болады. Банкроттық рәсімінен өту тәртібі туралы ақпарат қаржы министрлігінің және мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында жарияланған.

**Биболова Лаура Ерланқызы, Байтелиев Тулкин Абдуразақұли, Жұмадилла Ермек Жұмабайұлы, Шымкент қаласы атқарушылық округінің жеке сот орындаушылары**

## Айтары бар ақпарат

# ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІ ТАБИҒИ АПАТТАРДАН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ ЕНГІЗІЛМЕК

**Жаңа заңға сәйкес, енді үй иелері жыл сайын 2 мыңнан 20 мың теңгеге дейін жарна төлеп, төтенше жағдай кезінде өтемақы ала алады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі Inbusiness.kz порталына сілтеме жасап хабарлайды.**

Қазақстанда тұрғын үйді табиғи апаттардан міндетті сақтандыру жүйесі енгізілмек. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі әзірлеген құжаттарда айтылған. Жаңа заң жобасына сәйкес, енді тұрғын үйлердің қауіпсіздігіне қаржылық жауапкершілік мемлекеттен гөрі меншік иелеріне жүктеледі. Яғни табиғи апат салдарынан келген шығынды өтеу үшін азаматтар міндетті түрде сақтандыру жарнасын төлейді.

Соңғы жылдары табиғи апаттан зардап шеккен тұрғындарға мемлекет тарапынан тегін көмек көрсетіліп келген еді. Алайда жаңа жүйе бюджетке түсетін жүктемені азайтып, тәуекелдерді басқарудың тұрақты механизмін қалыптастыруды көздейді. Міндетті сақтандыру келесі негізгі тәуекелдерді қамтиды:

- жер сілкінісі
- су тасқыны
- сел және су тасқыны
- орман өрттері

Жалпы алғанда, заң 16 өңірді қамтиды. Жаңа жүйе бойынша жыл сайынғы сақтандыру жарнасы 2 мыңнан 20 мың теңгеге дейін белгіленуі мүмкін. Бұл сома мүлік салығына шамалас болады. Сонымен қатар төтенше жағдай болған кезде төлем көлемі жарнадан 500 есе көп болуы мүмкін:

- 2 000 теңге → шамамен 1 миллион теңге өтемақы
  - 20 000 теңге → шамамен 10 миллион теңге өтемақы
- Жүйенің ашықтығын қамтамасыз ету үшін бірыңғай мемлекеттік оператор құрылмақ. Ол:

- жарналарды жинайды
  - төлемдерді бақылайды
  - жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді
- Сонымен қатар жеке сақтандыру компаниялары да қатысады. Олар арнайы қайта сақтандыру қорына аударым жасап, тәуекелдерді бөліседі. Жүйе бірден енгізілмейді. Алғашқы кезеңде пилоттық жоба:

- Алматы қаласында
  - Шымкент қаласында
  - Жамбыл облысында жүзеге асырылады.
- Толық іске қосылмас бұрын 3 жылдық өтпелі кезең қарастырылған. Жоспар бойынша:
- 2026 жылдың маусымында Үкіметке енгізіледі
  - 2026 жылдың тамызында Парламент қарауына жіберіледі. Осылайша, реформа Қазақстандағы тұрғын үйді қорғау жүйесін түбегейлі өзгертпек.

# АҚЫЛЫ ЖОЛДЫҢ ТӨЛЕМ ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРДІ

**Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі ақылы жолдарымен жүру ақысын төлеу тәртібіне өзгерістер енгізді. Тиісті бұйрыққа қол қойылды. Бұл туралы Көлік министрлігі мәлім етті.**

– Жаңа өзгерістер ақылы жолдарды пайдаланушылар үшін төлем жасау тәртібін жеңілдетіп, икемдірек етуге бағытталған. Сондай-ақ жолақысын уақытында төлемегені үшін жүргізушілердің әкімшілік жауапкершілікке тартылу жағдайларын азайту көзделіп отыр, — делінген хабарламада.

Бұған дейін қолданыста болған нормаға сәйкес, жүргізуші жолақысын жеті күнтізбелік күн ішінде төлемеген жағдайда, сегізінші күні материалдар Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес қарау үшін көліктің бақылау органдарына жіберілетін.

– Енді жаңа тәртіп бойынша, егер жеке тұлға жол жүрген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде төлем жасамаса, материалдар 31-ші күні заңнамада белгіленген тәртіппен көліктің бақылау органдарына жолданады, — деп хабарлады ведомстводан.

Сонымен қатар алғаш рет жеке және заңды тұлғалар үшін бөлек тәртіп енгізіліп отыр. Егер заңды тұлға есепті айдан кейінгі айдың 20-сына дейін төлем жасамаса, материалдар келесі күні көліктің бақылау органдарына жіберіледі.

Аталған өзгерістер республикалық маңызы бар ақылы жол учаскелерімен жүргені үшін төлем жасауға жүргізушілерге қосымша уақыт береді.

Қол қойылған бұйрық Қазақстан Республикасының заңнама-сына сәйкес алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 10 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.



(Соңы. Басы 1-бетте).

– Жалпы тұрмыста бір бұйым бүлінсе, қайта қалпына келтіреміз ғой. Сол секілді адам жасаған дүниені адам жасай алады. Осындай ұстаныммен алға жылжып отырдым. Сол сенім арқылы 2022 жылы қала орталығында шағын шеберханамды аштым. «Бастапқыда бәрі оңай болмады», – деп еске алады ол. Бірақ қолына былғары алып, адал еңбектің дәмін татқан сайын бойын ерекше тыныштық билейтіні оны кәсіптің тереңіне жетелей түсті. Ізденді, өсті. Бүгінде жолдас баласы Нұрлан Жұмбаевпен бірлесіп жасаған бұйымдары Қазақстанның түкпір-түкпірінен бөлек, көрші Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай елдеріне жөнелтіліп жатыр.

### Темір мен теріде танылған шеберлік

Әдетте ат әбзелдерінің, ер-тұрманның сырты былғарымен қапталады. Бірақ Рамазан мына бір жәйтке ерекше мән береді.

– Ер-тоқым жасағанда сәйгүліктің кеудесін оқ тіліп кетпес үшін былғарының астына киіз қоямын. Қорғаныс қабілеті жоғары болуы керек. Себебі, бұл жай ғана бұйым емес, жауынгерлік сипаттағы дүние екенін әрдайым ескеремін, – дейді ол.

Қарапайым еңбек ұстанымдарын ұдайы назарында ұстайтын ұстаның шеберлік жолын бір оқиға мүлде жаңа арнаға бұрады. Оған Ақтөбеден бір азамат арнайы хабарлашып, сауыт жасап беруін сұрайды.

– Негізі бұл ой көптен бері менің де көкейімде жүрген, – дейді Рамазан. – Бірақ бірден кірісіп кетуге батылым бармады. Бұл жолы тапсырыс түскен соң тез арада интернетті ақтарып, жан-жақты зерттедім. Екі ай бойы күндіз-түні еңбектеніп, темірден тоқып шыққан алғашқы сауыттың салмағы 20 келіні құрады. Дулығасын темірден жасап, сыртын былғарымен қаптадым. Әрине, темірдің әрбір бөлігін біріктіру барысында қолың талып, шаршайсың. Бірақ дайын болған сәттегі сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Бұл тәжірибе Рамазан үшін тек қолөнерді меңгеру емес, шыдамдылық пен табандылықты шыңдау жолы болды. Ол алғаш рет сауыт жасау арқылы өзіне деген сенімділігін арттырып, әрі қарай бұдан да күрделірек бұйымдар жасауға бел буды. Әуесқой шебер әрбір бұйымды жасағанда тек сыртқы сұлулығына ғана емес, оның қорғаныс қасиеттері мен тарихи мәнін де ескеретінін айтады. Сол үшін әр бөлікке ерекше көңіл бөледі. Әр бұйымда жауынгерлік дәстүр мен шеберлік сабақтастығы көрініс табатыны да содан болса керек.

### Сауыттың сырларын сұрадық...

Қазақ жауынгерлерінің дәстүрлі сауыттары әртүрлі болып келеді. Олардың әрқайсысы өзіндік қызмет атқарады. Жалпы сауыттың торғауыт, жалаңқат, қаптама, биен, кіреуке, көбе сияқты түрлері бар. Әрбірінің

## ЖАУЫНГЕРЛІК ҚОЛӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТҚАН ШЕБЕР

қорғаныс қасиеті, материалы мен қолданылу ерекшелігі әртүрлі. Мысалы, торғауыт – торлы металдан тоқылған, ауыр соққыдан қорғайтын сауыт; жалаңқат жеңіл, жылдам қимылдауға ыңғайлы; ал көбе сауыт күрделі құрылымы мен қосалқы қорғаушы бөліктерімен ерекшеленеді. Қаптама, кіреуке, биен сияқты қосалқы қорғаушы бөлшектер сауытқа төзімділік пен ыңғайлық береді, ал кейде сахналық көріністер үшін жеңіл материалдан да жасалады. Осы

орайда қолөнер шебері Рамазан Терлікбаев сауыт жасаудағы өз тәжірибесін мен маңызды мәліметтерін бізбен былайша бөлісті:

– Жалпы сауыт жасау барысына тоқталар болсам, алдымен металды қыздырып, қалыпқа келтіріп аламын. Бұдан кейін әр бөлігін біріктіру арқылы мықты әрі икемді пішінін жасаймын. Сол тәжірибемді қолдан отырып, темірден жалаңқат сауыт тоқыдым, ал қазір көбе сауытты жасауға кірістім. Құрылымының қарапайымдылығына байланысты, жалаңқат сауыт жеңіл және оны киіп семсерлеу де оңайырақ. Ал көбе сауыттың саласы күрделі, қорғау қабілеті мықты, бірақ сахналық көріністер үшін кейде жеңіл материалдардан да жасап шығуға болады. Әр сауытты жасағанда оның қалпы мен салмағына, сондай-ақ қолданылу ерекшелігіне мән беремін. Өйткені мұны тек бұйым емес, батырлық дәстүр мен тарихи мағынасы бар қолөнер туындысы деп білемін, – дейді Рамазан.

Бір темір сауытты жасау барысы 2-3 айға созылса, ал былғарыдан тігілетін түрі әлдеқайда тез, бас-аяғы 10-15 күннің ішінде дайын болады. Бүгінге дейін Рамазан шебер былғарыдан 50-ге жуық сауыт жасап шыққан. Оның туындылары фотосалондарда, тойларда және Наурыз мерекесінде батыр бейнесін сомдау үшін жиі қолданылып жүр. Сұраныстың осылай артуы шебер еңбегінің нәтижесін көрсетсе керек. Жуырда Көкшетаудан түскен арнайы тапсырыс бойынша 10 дана сауыт әзірлеп, мерекелік шараларға жолдаған. Бұл – ұлттық болмысқа деген қызығушылықтың жанданып келе жатқанының тағы бір айғағы.

Осы тұста Рамазан қазақ батырларының сауытындағы айрықша бір сипатқа назар аударады. Қазақ батырларының кеудесін қорғаған сауыттардың ортасында саңылауы бар темір қалқан орнатылған. Анығын айтқанда, жауынгерлік жолдағы ерекше нышан. Яғни, егер қарсыласы нысанаға дөп түсе алмаса, жеңіске өзі жететінін мензеген. Бұл батырлардың қайсарлығы мен рухының биіктігін танытатын белгі болып саналады.

### Садақ жебелеріне сұраныс жоғары ма?

Біз барған шағын шеберханада бұдан бөлек, белдіктер мен садақ, қорамса, жебелер де жасалады екен. Ал жебелерді жасаумен Бекзат Тастан айналысады.

– Садақ оқтарын жасап жүргеніме осымен биыл екі жыл болды. Тапсырыстар Қазақстанның түкпір-түкпірінен келеді. Жебелер адамның қол ұзындығына және садақ түріне қарай дайындалады, бір комплект кемі 12 оқтан тұрады. Мысалы, 15-20 жебе жасауға 3-4 күн кетеді. Осы уақытқа дейін

2000-нан аса жебе жасапмын, – дейді ол.

Садақ жасау үшін пайдаланылатын бамбук пен ағаштар Түркиядан, Индонезиядан әкелінеді, ал қауырсындардың барлығы дерлік табиғи, негізінен Қытайдан алынады. Садақтардың сыртын сырлау және қауырсындардың ұшын қалыпқа келтіру жұмыстарын шеберханада өздері атқарады.



Садақ жебелеріне әсіресе спорттық жарыстар кезінде сұраныс жоғары. Атап айтқанда, Алматы, Астана, Тараз, Қарағанды қалаларынан тапсырыс берушілер саны көбейеді.

Сондай-ақ, Рамазан шебер соңғы кездері спорт чемпиондарына арнайы белдіктер жасап жүргенін айтты. Белдіктер ұлттық нақышта және қазақтың батырларының бейнесі бейнеленіп жасалады. Әр белдік былғарыдан дайындалып, шебердің қолөнер шеберлігімен безендіріледі. Бұл былғары бұйымдар спорттық жарыстарда ғана емес, көрмелер мен мәдени іс-шараларда да жоғары бағаланатыны сөзсіз.

### Қолөнерге қызығатын жастар қанша?

Рамазан Терлікбаев біздің болашақта шәкірт тәрбиелеуге қатысты қойған сауалымызға төмендегідей өз ойын білдірді:

– Мен өзімді кәсіби шебермін деп айта алмаймын. Әзірге әуесқоймын. Көбіне дайын бұйымдарды көріп, соған ұқсатып жасауға тырысамын. Көбінесе түнде жұмыс істеймін. Жүрген жерімде әңгімем әрдайым ат әбзелдеріне келіп тіреледі. Кейде колледж студенттері қызығып, үйреніп-ақ алғысы келеді. Бірақ бұл бір орында тапжылмай отырып жасалатын жұмыс болғандықтан, жастар жылдам жалығады.

Тіпті өзінің балалары Олжас пен Заңғар да бұл жұмысты бір кісідей біліп алғанымен, ақыр аяғында жүрек қалауларымен басқа мамандықтарды тандаған. Дегенмен, арасында аталмыш қолөнерге қызығушылық танытып жүрген жастар да бар. Соның ішінде, Қазығұрт ауданындағы мектеп оқушысының жасаған бұйымдары бүгінде көпшіліктің көңілінен шығып жүр екен.

### Ұстаз бен ұстаның ойы ортақ па?

Шеберлік – тек қолдың икемі емес, көрген тәлім мен қалыптасқан ортаның жемісі. Рамазанның айтуынша, әрбір ұста өз жолында міндетті түрде ұстаздан тәлім алуы керек. Өйткені нағыз шеберлік тәжірибелі адамның бағыт-бағдарымен шыңдалады. «Ұстаның ұстаз көруі маңызды», – дейді Рамазан.

Ол осы жолда Леңгір қаласында 30 жылдан бері ат әбзелдерін жасап келе жатқан Құрбанәлі ұстаздан тәлім алған. Ұстазының әрбір ақылы мен іс-тәжірибесі Рамазан үшін үлкен мектеп болды. Әсіресе, «Әрбір ұста істің көзін табу керек» деген сөзін өмірлік ұстанымына айналдырған. Қандай істі қолға алса да, оның байыбына баратын Құрбанәлі ұстаз Рамазанға тек ат әбзелдерін жасаудың әдіс-тәсілдерін ғана емес, еңбекке адалдық пен жауапкершілікті де үйретті. Ұстаздан көрген тәлімі оның кәсіби тұрғыда қалыптасуына мықты тірек болды. Алайда шеберлік үнемі ізденісті қажет етеді, ол бір деңгейде тоқтап қалмайды. Қазіргі таңда өзара тәжірибе бөлісетін жаңа мүмкіндіктер мен байланыс алаңдары пайда болған.

Рамазанның айтуынша, WhatsApp әлеуметтік желісінде 1500-ге жуық әуесқой және кәсіби қолөнершілер біріктірілген ортақ топ бар. Бұл ортада шеберлер бір-бірімен пікір алмасып, жаңа технологиялар мен тәсілдерді талқылайды. Қолөнерді дамыту, сапаны арттыру, жастарды қызықтыру мәселелері де осы топта жиі қозғалады. Былтыр қауымдастық мүшелері Талдықорған қаласында бас қосып, құрылтай өткізген. Онда ұлттық қолөнердің бүгінгі жай-күйі мен болашағы кеңінен сөз болды. Алдағы кездесуді Шымкент қаласында жалғастыру жоспарланып отыр.

### Түрік ұстасымен тәжірибесін толықтырды

Дәстүрлі бұйымдар жасауға қызығушылығы арта түскен Рамазан Терлікбаев 2021 жылы Instagram желісі арқылы аудармашы көмегімен, тіл кедергілеріне қарамастан, түркиялық ұста Буньямин Акбулутпен байланыс орнатты. Әңгіме барысында шебердің былғарымен жұмыс істеу тәсілі ерекше назарын аударды.

– Түркиялық шебер бұйымды тікелей кесіп жасайды екен, – дейді Рамазан. Оның айтуынша, түрік ұстасы былғарыны алдын ала жібітіп, қалыпқа салып әуре болмайды. Материалдың табиғи қалыңдығы мен серпінділігін дәл сезіне отырып, қажетті пішінді бірден кесу арқылы шығарады. Бұл әдіс шеберден үлкен тәжірибе мен қолдың дәлдігін талап етеді. Себебі былғары – тірі материал секілді: оның әр бөлігі әртүрлі созылады, тығыздығы да біркелкі бола бермейді. Сондықтан тікелей кесу барысында материалдың ерекшелігін алдын ала болжай білу маңызды.

Ал Рамазанның өзі бастапқыда былғарыны жұмсартып, арнайы қалыпқа кигізіп, кептіріп барып өңдеу тәсілін қолданған. Бұл әдіс бұйымның пішінін нақты сақтауға мүмкіндік береді. Дегенмен түрік шеберінің жұмысын көре отырып, ол былғарымен жұмыс істеудің мүлде басқа қырын таныды. Материалды алдын ала өңдеп қалыпқа түсірмей-ақ, оның табиғи қалпын сақтай отырып жасау нағыз шеберлік екенін түсінді. Осы тәжірибе Рамазанға былғарының қасиеттерін тереңірек зерттеуге жол ашты. Енді ол әр терінің қалыңдығын, иілгіштігін, талшық бағытын ескеріп, кей жағдайда тікелей кесу тәсілін де қолдана бастады. Нәтижесінде оның бұйымдары жеңіл, табиғи әрі заманауи сипат ала бастады.

Рамазан Терлікбаев үшін қолөнермен айналысу – зейнетке шыққаннан кейін басталған жаңа өмір. Ол осы жұмыс арқылы тек бұйым жасап қана қоймай, ұлттық рухты сақтап, батырлық дәстүрді келер ұрпаққа жеткізуге тырысып жүр. Әр жасаған бұйымда ол бабалардан қалған тарихты, батырлар рухын және қазақ мәдениетінің байлығын сақтауға барын салады. Осы арқылы Рамазан шеберлік пен ұлттық сана арасындағы алтын көпірді жалғауда. «Бүгінде жауынгерлік сипаттағы ер-тұрман мен жаугершілік бұйымдарды жасау сиреп бара жатыр. Мен осыны өзімнен кейінгі өсіп келе жатқан ұрпақ ұмытпағанын қалаймын», – дейді өзі. Сондықтан бұл істі ол әуесқой болса да, жүрек қалауы бойынша атқарып келеді. Өйткені кейде адамды тек мамандығы емес, жүрек тандаған жолы шын бақытқа жеткізеді.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

# НАУРЫЗНАМА: «ҚЫДЫР АТА» ФЕНОМЕНИ

(этнографиялық ізденіс)

Бүгінгі сөз етер тақырыбымыз тарихи деректерден бұрын, ауыз әдебиетіне көбірек келетін тармақ болғалы тұр. Қыдыр атаны көріпті, сәлемдесіпті, түсінде аян беріпті, жол сілтепті деген сөздерді бүгінгі таңда да кездестіріп жатуымыздың тереңінде халықтық сипатта қалыптасқан тамыры терең күш жатыр. Қыдыр ата туралы түрлі аңыздардың дені Наурыз мейрамы жақындаған уақытта көбірек ауызға алынып, көпшілікке арналған мерекелік сахналардағы қойылымдарда ақбоз атқа мінген ақсақалды қария бейнесі қойылып жататынын жылда көріп жүрміз. Сахналық кейіпкердің бейнесінен халықтың Қыдыр ата туралы ой-елегін, оны қалай елестететінін байқаймыз. Сондай-ақ, «Қыдыр дарыған» деген тіркестен аңыз кейіпкері бойынан кәдімгі адам сипатына тән емес сипатты да елестетіп жатады. Ескі қазақтың дүниетанымындағы ақсақалды қария кейіпін халқымыз өткен ғасырдың 90 жылдары Наурыз мейрамының қайта тірілуімен бірге бастапқыда Қыдыр ата немесе Қадыр ата деп атаса, кейінгі діни ықпалмен Қызыр ата деп қайта атай бастады.

## «Әр жұманың ақшамында Қызыр пайғамбар зиярат етеді»

Дінтанушылардың түсіндіруінше, араб әліпбиіндегі «дзот» деген әріп «д» мен «з» әріптерінің қосындысы іспетті оқылады. Қазақтар көбінесе «з»-ға жақын оқыса, басқа халықтар «д»-ға жақын оқиды. Рамазан-рамадан ай атауы, «Фатиха» сүресіндегі «уәлазалин» немесе «уәладдалин» сықылды сөздердің әртүрлі аталып жатуы содан деседі. Қыдыр/Қызыр деген сөзді қазақшаға калькалап аударғанда «жасыл» деген мәнді береді деседі. Қыдыр-Қызыр есім формасы деректерді пайдаланушының келтіруіне қарай өзгеше қолданылуы мүмкін. Қыдыр-Қызыр атауы мәселесін ашып алдық, енді екі түрлі формада жазып отырсақ, «неге олай?» деп бас қатыра қоймаспыз.

Бұл ғайыптық бейненің халықтық сипат алуына әсіресе, XII ғасырдан бергі уақытта исламның сопылық-тасаууфтық ілімінің кең етек жаюымен етене байланысты болғаны рас. Өзі ғайыпқа сену деген нәрсе сопылықпен байланысты дүние ғой. Пірлеріне қол беріп, сілсәләға кіріп, тариқат ұстап, қырық күн шілдеханада рухани тазарудан өтіп, алқаға түсіп зікір етіп, мағрипат дәрежеге көтерілген сопылардың «Қырық күн Қызырмен сұқбаттас болғаны», «Ғайып Ерен Қырық Шілтенге қосылғаны», «Қызырдың батасын алғаны» жайында аңыздардан бастап небір ертегі сықылды аңыздар халық аузында жиі айтылады. Сондай-ақ, кейбір әулиелердің көшеден жолыққан бір кісімен бірге моншаға түсіп, арқасын ысқылап беріп жатқан сәтте әлгі кісінің сынамақ болып «Бұрынғының пайғамбарының дәрежесі биік пе, әлде Мұхаммедтің үмбетінің дәрежесі биік пе?» деп сұрап, ол сауалға сопы әулиенің (көп аңыздарда Бақауиддин Накышпандыға теліді) «Бұрынғының пайғамбары Мұхаммедтің үмбетіне құманмен су құйып, арқасын ысқылап беріп жатса, осы-ақ кімнің дәрежесі үлкен екенін көрсетпей ме?» деп жауап беруі секілді аңыздар көп нәрседен хабар берсе керек.

Көне Сайрам қаласы Қ.А.Ясауи өмірге келмей тұрып та ірі рухани орталықтардың бірі болғаны туралы түрлі мысалдар келтіріп, әңгіме етіп келе жатқанымыздан тұрақты оқырманымыз хабардар болар. Ал, Әзіреті Сұлтаннның өмірге келіп, көне Сайрамның медреселерінен білім алып, ілімін жетілдіріп, өзіндік мектебін қалыптастыруынан кейін бұл мекеннің қасиетті топырағына табан тірегісі келетін шәкірттер мен діндарлардың қатары тіпті арта түсті. Осылайша ескі Сайрам қаласының сакралды қасиеті беки түсті. Сопылықпен бірге Қызыр пайғамбар туралы әпсаналар кеңінен тарап, «суфизм-Қызыр пайғамбар» тандемі қалыптасты. Оған мысал ретінде қазіргі «Қызыр мұнарасы» деп аталатын сәулет ескерткішінің жанындағы «Қызыр пайғамбар» мешіті мен рухани тазару үшін қырық күндік шілдеханаға түсіпті десетін жерасты үңгірін келтіруге болар. Десе де, Қызыр пайғамбар мен Сайрам тақырыбы одан алдыңғы кезеңдердің мұрасы екеніне алда әлі сөз етеміз.

Қызыр пайғамбар намымен аталатын мешіт пен кешенді құрылыстар тек Сайрамда ғана емес. Аналогтарының бірі – Самарқанның Тәшкенге қарай шыға беріс жолында

орналасқан «Хәзіреті Қызыр» мешіті. Оның қазіргі кейпі 1854 жылы қайта салынды дегенмен алғашқы іргетасы Орта Азияға араб басқыншылары келе бастаған VIII ғасырда қаланғаны айтылады. Тіпті, арабтар келгенге дейін ол жер биік нүктеге жайғасқан зороастр ғибадатханасы болғанын, араб қолбасшысы Құтейба ибн Мүслим (669-715 жж.) басып алғанда серіктерінің бірі Мұхамед ибн Уаси 712 жылы оны қиратып орнына мешіт салғанын мысал етеді. Ал, Сайрамдағы «Қызыр пайғамбар» мешітінің іргесін қазған кезде мәдени қабаттар 5-6 метр тереңдікке дейін кететіні белгілі болған. Сондай-ақ, көне қаланың онтустікке шығатын Базарқақпа маңындағы жолды кеңейту кезінде жол салушы құрылысшылар ежелгі зороастрлік жерлеу рәсімдерінің үстінен түскені туралы деректердің бары еске оралады. Мұны бір түргіп алайық, алда осы тұсты бір еске алармыз. Өйткені, Сайрам тарихы тек Шымкент мен Қазақстан тарихымен ғана шектелмейді, күллі Орта Азияның құрамда бөлігі ретінде кең көлемді қарауға жетелей түседі.

Сайрамдағы Қызыр пайғамбар тақырыбы мұнымен бітпейді. «Рисала» деген атаумен ғылыми айналымға енген авторы белгісіз еңбекте бір қызықты аңыздың шетін келтіреді. Сол деректің негізінде жазылған М.Мирхалдаровтың «Сайрам тарихы» кітабында әр аптаның жұмаға қараған ақшам мезгілінде Қызыр пайғамбар өзінің ата-анасы Қожа Салих ата мен Бибі Ғияна кесенелеріне келіп, зиярат ететіні келтірілген. Жергілікті тұрғындар осы сәтте тілек етушілердің арман-тілегін Қызыр ата орындайды екен деп сенеді. Осы аңыз желісін алға тартып, сайрамдықтар Қызыр пайғамбарды жерлесіміз деп еске алып отырады. Бір қызығы, Қожа Салих кесенесі Сайрамның шығыс жағында орын тепсе, Бибі Ғияна кесенесі батыс жағында тұр. Екеуі де қала шахристаны қабырғасының сыртында, ортағасырлық қаланың рабаттар бөлігінде орналасқан. Бұл Қызыр пайғамбар туралы қарапайым халықтың ортасында жүретіні туралы әпсананы ишарат етсе керек. Мүмкін, «Рисалада» келтірілетін «Кімде-кім Сайрамның бір қақпасынан кіріп, екінші қақпасынан шығатын болса, оның барлық күнәсі кешіріледі» дейтін тәміл осы бір ерекшелікке қатысты қалыптасты ма екен?



## Мәңгілік өмір суретін Қызыр туралы қиссалар

Әмбеге аян, исламдық діни қиссаларда Қыдыр/Қызыр пайғамбар туралы әңгімелер көп. Олардың дені діни қисса форматында болғанмен, уақыт өте келе түрленіп, аңыз-ертегілік сипат алған. Халық өзінің құрметтейтін тұлғасын атын аңызға айналдырып, қоныс ететін аймақтары маңынан оны есіне салып тұратын сакралды нысандарды қалыптастырып алады. Уақыт өтіп, басқа өңірлерге қоныс аударып жатса да киелілік қасиеті бар дүниетанымындары жаңа мекеніне ала барады. Осындай мысалдың бірі – Қызыр туралы әпсаналар мен оған қатысты басқа да объектілер.

Қызыр пайғамбардың көне Сайрамда туғаны туралы әпсана тек «Рисалада» ғана емес, Алтын Орда кезеңі әдебиетінің өкілі Рабғұзидің (XIII-XIV ғғ.) «Қиссаси үл-Әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») дейтін еңбегінде кездеседі. Онда Қызыр пайғамбар Ескендір Зұлқарнайынның замандасы, тіпті уәзірі болғаны, сондай-ақ, Қызырдың анасы Бибі Ғияна Ескендірдің қарындасы болғаны туралы әпсананы жеткізген. Рабғұзидің Сайрам аңыздарынан хабардар болуының сыры автордың осы маңайда өскенін білдірсе керек. Осындай ойды отырарлық ғалымдар М.Қожа мен Қ.Ергөбектер айтып, Рабғұзи қазіргі Түркістан қаласының маңында дүниеге келген деп қорытынды жасапты. Ғалымның тегінде тұрған «Рабғұзи» деген атау «Рабат Ғұзи» деген сөзден шыққанын ескерсек, ортағасырлық деректерде Сайрам мен Ташкент арасындағы алқап Ғұзия, Хузия деген атаумен кездесетінін алға тартып, қазіргі Қызыр өңірінде өмірге келді ме деп тұюге де болады-ау.

Тағы бір аңызда Ескендір мен Қызырдың жолдас болып, Лұқпанды қоса жолға шығып, мәңгілік өмір сыйлайтын «Әбілқаят суын» іздеп сапар шеккені туралы қисса етіп айтылады. Әпсананың соңы Лұқпанның хәкім болып, Қызырдың мәңгілік өмір алып, ал Ескендір болса өзінің әлемді билеген патша

болғанына шүкірлік етуімен аяқталады. Осы сюжетке ұқсас әңгімелердің қатары тым көп.

Көне Сайрам қаласы ежелгі заманнан түрлі әлемдік діндер миссонерлерінің табан тіреген жері болды. Мұнда бұрынғы көшпенділердің ұстанымы болған тәңіршілдік қағидаттарынан бастап, зороастризм, будда, манихизм, христиандық, ислам сықылды діндердің ізі қалды, қасиетті мекені ретінде танылды. Оған жарқын мысал ретінде біз сөз етіп отырған Қызыр пайғамбар тақырыбымен байланысты діни-ритуалдық және жерлеу нысандарын келтіреміз. Осы Қызыр пайғамбар тақырыбын сөз еткенде бірде Қыдыр ата, бірде Қадыр ата, Қызыр ата деп құбыла келетін атаулардың астарының өзінен бірнеше діндердің «мәдени қабаттарын» байқауға болады. Әлбетте, діни қиссалардағы Қызыр пайғамбар мен мифтік Қыдыр ата кейіпкерінің тұлғалық ұқсастықтары көп. Қазақ халқы бұл тұлғаларды бір кісі ретінде қабылдайды. Діни әпсаналарда да Қызыр-Қыдыр атаулары алмасып пайдаланыла береді. Енді осы жайына тоқталсақ.

Бірде Мұса пайғамбар уағыз айтып бола бергенде бір кісі «Әй, Мұса! Ең білімді адам кім?» деп сұрады дейді. Сол кезде Мұса пайғамбар өзінің көпті білетінін, сол уақытта өзінің пайғамбарлығын есіне алып, «Мен!» деп жауап беріпті. Сол сәтте Жаратушы қарланып, өзін «көпті білушімін» деп менмендікке ұшырағаны үшін Мұсаны жазалайды. Мұса өзінің қателігін түсініп, бас ұра кешірім сұрайды. Адамдар ішінде өзінен де білімі көп адам бар ма деп сұрағанда, Мұсадан да білім мен білігі асқан басқа кісімен жолықтыратынын, сол кісіден іліммен бірге шыдамдылық пен сабырлықты да үйренуге жолдайды. Осылайша Мұса пайғамбарды менмендігі мен шыдамсыздығын өзі жеңуі үшін Қыдыр пайғамбармен жолдас болғаны жайында әдемі әпсана айтылады. Қос кейіпкер сапарлас болған сәтінде Мұса Қыдырдың үш сабақ береді. Олар: 1) өздері міншіп келген кемеңнің бір тақтайын жұлып алып, зиян тигізуі, 2) жолай ойнап жүрген жас сәбиді өлтіруі, 3) жолда кезіккен бір бақшаның қапасынан кірпіштерді жинауы секілді оқиғалар кезінде Мұсаның шыдамсыздана ашуланған сәтінде Қыдыр өзінің барлық іс-әрекеттерінің мәнін түсіндіріп шығып, сол арадан екеуінің жолы екіге айырылғанын жеткізеді. (Құран Кәрім хикаялары / – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013. 75-78 беттер). Осы үш сабақтың желісінен Қыдыр пайғамбардың тұлғасын жолаушыларға серік болып, теңізге шыққан теңізшілердің жәрдемшісі, бала сұраған мұқтаж кісілердің арманын орындаушы, бақша өсіретін дихандардың жарылқаушысы, бақ пен ырзықты сақтаушы мифтік тұлға ретінде көреміз. Қазақтың «Қыдыр ата жолдасын болсын!» дейтін бата-тілегінің астары осында жатса керек.

Енді, осы тұста аздап тарихи хронологияларға зер салып, іштей сараптап көрейікші. Мұса (Моисей, Moyses) пайғамбар Исраил ұрпақтарының ежелгі патшасы ретінде тарихи тұлға деп қарастырылады. Базбір зерттеушілер б.з.д. XIV-XIII ғғ. өмір сүрген деседі. Егер, Қыдыр мен Мұса кезіксе, демек, Қыдыр пайғамбар дегеніміз одан бұрын өмір сүрген болмай ма? *Бұны бір дейік.* Қызыр мен Ескендір замандас болды деген әпсана-



Қызыр пайғамбар мешітінің орны мен мұнарасы. Сайрам

ны келтірдік. Александр Македонский б.з.д. 356-323 жылдары өмір сүрген. *Бұл – екінші дерек дейік.* Ал, Сайрамдағы кесенелері тұрған Қожа Салих пен Бибі Гияс ана дейтін тұлғалар қай заманда өмір сүруі мүмкін? Сайрам қаласын Б.Байтанаев археологиялық деректерге сүйеніп б.з. IX-XIX ғасырларда өмір сүрді деп қарайды. *Мұны да түртіп алып, үшінші дерек делік.* Тағы бір деректі осы автордың «Жинақта»: «Сайрамда айтылып жүрген және «Насаб-намеде» көрсетілген шежіре бойынша Қожа Салих (Шалық/Шалуқ) Нұхтың (інжілде Ноя) ұлы Самның ұлы болып табылады. *Інжілде Салих туралы айтылмайды, бірақ Құранда ол атам замандағы пайғамбарлармен бір қатарда есімі тоғыз рет кездеседі. Құдайдың діни өсиеті жіберілген Салих Арабияның солтүстігінде мекендеген құрандағы халық салмұдттердің пайғамбары болған»* деген пікірін көреміз. Олай болса, Құранда бұл пайғамбарға қатысты арнайы бірнеше сүреде аты аталады. Зерттеушілер бұл пайғамбарды б.з.д. XX-XIX ғасырда өмір сүргенін айтады. *Бұл – төртінші дерек.* Мінекей, Қыдыр пайғамбарды мифтік тұлға деуіміздің себебі де осында жатыр. Жазба деректерде әр түрлі хронологияны көрсетеді. Миф деген дүниенің де басты қасиеті – нақтылықтың жоқтығы, уақыт кеңістігінде қалағанынша кезіп жүре беретін, өмір сүре беретін әмбебаптық қасиетке ие.

### Қыдыр ата мифтік тұлғасының географиясы өте кең

Қыдыр ата мифтік тұлғасының халықтар арасында кездесетін географиясы да, діндер арасындағы тұлғалық параллельдері өте кең. Мысалы, Анадолы түріктері, Қырым татарлары, Қазан татарлары, Кавказдық түркі халықтарында Қыдыр атымен қоса Илияс пайғамбар есімді қосарлана «Қыдыр-Илияс» деген қос сөзбен айтылады. Тіпті, татар халқының ауыз әдебиетінде «Қыдыр-Илияс» деген атау бөлек емес, «Хизирлияс» деген бір атаумен беріледі. Осы ерекшелікке байланысты, исламдағы Қыдыр пайғамбар туралы түсінікті йудейлік (тәураттық) Илья деген кейіпкермен (Eliiah, Eliahu, Яхве) шендетіреді. Ал, мұсылмандар болса, Қыдырды бір пайғамбар, Илиясты басқа пайғамбар деп қарайды.

Христиан діндарлары болса, Жеңімпаз Георгий (Георгий Победоносец, Святой Георгий, Георгий Каппадокийский, Георгий Лиддский) әулиенің кейбір әрекеттерінің ислам дініндегі Қыдыр пайғамбар туралы қиссалар желісіне ұқсайтынын алға тартып, бұл екі кейіпкердің бір тұлға болуы мүмкін деседі. Десе де, Жеңімпаз Георгий б.з. III ғасырда өмір сүрген нақты өмірі белгілі тарихи тұлға саналады. Бұл тұрғыда А.Яшлавскаяның (дәруіштерді зерттеуші, қырымдық тарихшы) келтіретін деректері қызықты. Ол «Византиялық авторлар Әулие Георгийдің мұсылмандық Анадолыда (Түркия) айрықша танымал болғанын және оның Қыдырмен теңестірілгенін атап өтеді. Иоанн VI Кантакюзин (1347–1354 жж. билік құрған) мұсылмандардың Әулие Георгийді құрметтеп, оны «Қыдыр-Илияс» деп атайтынын таңданыспен жазады. Сондай-ақ Жәлал әд-Дин Руми еңбектерінде де Қыдыр мен Илияс бірге аталады. XV ғасырдың авторы Лаоник Халкондил мұсылмандардың «Әулие Георгийді Қыдыр деп атайтынын» көрсетеді... Әулие Георгий сияқты, Қыдыр да кенеттен туындайтын қиын жағдайда жәрдем беретін қорғаушы деп есептеледі. Сондай-ақ, Анадолыда Қыдырдың Әулие Георгийге тән тағы бір қызметті – жылан (айдаһар) жеңуші бейнесін қабылдағаны да қызықты. Пафлагониядағы дервиштер Хызырды айдаһарды жеңген кейіпкер деп санаған» деп санамалап Қыдыр мен Георгий арасындағы параллельдерді тізбектейді. Осы тұста, 1882 жылы Көксәйекте (Георгиевка) салынған Жеңімпаз Георгий храмы (Храм Георгия Победоносца) еске оралады екен. Қазіргі таңда да жұмыс істеп тұрған бұл шіркеу тұрған жер Сайрамдағы Қыдыр мұнарасынан тіке тартқанда шығыс қарай 20 шақырым ғана жерде тұр. Бұл да бір қарапайым ғана сәйкестік пе, әлде діндер арасындағы үйлесім немесе Сайрам маңының ғайыпқа толы сырларының бірі ме екен? Мұның барлығы – ислам да, христиандық та, йудей де ыбырайымдық негіздегі монотеистік діндер (абраамические религии), бұлардың тамыры бір. Діни әпсанала-

ры да ұқсас, бір-бірін қайталайды, толықтырады, аша түседі. Ал, басқа діндер мен ұлттардың мифологияларында Қыдыр ата мифтік тұлғасына ұқсас қандай кейіпкерлер бар?

Зерттеушілердің көбі моңғол және тибет мифологиясында Гесер (Гэсэр, Гесар, Гэсэр хан, Дайчин-Тэңри) деп келетін кейіпкерді атайды. Моңғолдар мен тибет халқы тибеттік буддизм дінін ұстанатынын ескерсек, бұл мифтік тұлғаның ислам дінінен немесе йудаизм не христиандық дінінен келгеніне күмән болар. Түбі шамандық немесе Тэңри дініне тартатын секілді. Моңғолдық мифологияда Гэсэр хан – жауынгерлік рух пен ерлік істердің құдайы ретінде, ең үлкен құдай – Хормуста ханның ұлы деп көрсетілген. Ал, «Гэсэр мейрамы» саналатын Сагаалган – көктемде аталып өтетін ән айту және садақ тарту мерекесі ретінде аталып өтіледі (С. А. Токарев (гл. ред.), Мифы народов мира, изд. 2 — М.:



Өгіз мінген Күнбасты (Жарықбас) құдай. Тамгалы

Советская энциклопедия, т. 1, статья «Гесер», С. 297). Бұл Гэсэр ханның көне түркілік дәстүрлерге ұқсастығы – тамұқтың иесі Ерлік (Еркілік) ханға қарсы тұратын тау рухы ретінде келуі. Осы тұрғысынан алғанда, қазақы мифологиядағы Қыдыр атаның қыс иесі Зымыстанды жеңіп, көктемді жеткізетін, жай оғындай қақырата найзағай соға келетін қасиеті ұқсас кетеді.

Құмық этнографы Мұрат Әжі (Мурат Аджи) болса, Қыдыр/Қыдыр ата туралы аңыздардың түбі көне түркілік тамырдан нәр алып, өсіп жетілген дейді. «Ежелгі Алтайға Жаратушы Гесер пайғамбарды, яғни Құдайдың бір Ұлын жіберген. «Гесер» есімі тибет тілінде – Кесар, татар тілінде – Хозер-Илияс, араб тілінде – Әл-Кэусэр, ал орыс тілінде – Георгий деп аталады. Гесер пайғамбар адамдарға Көк Аспанға (Тәңірге) сенуді жеткізіп, сондай-ақ оларды түрлі кәсіп-өнерге үйреткен. Ол темірді балқыту жолын көрсетіп, егіншілік дамуына және бұл шаруаларға пайдалану үшін жылқыны қолға үйретуге жәрдемші болған» дейді ол (Аджи Мурат. Без Синего неба. Очерки нашей истории. – М.: 2010.). Сондай-ақ, ежелгі грузин жазбаларына сілтеме жасап, грузин патшаларына көмекке келген ортағасырлық қыпшақ әскері Гесер деп аталатын құдайға тағзым жасап, алдағы жорықтарда сәттілікті жеткізуді, жеңіске жетелеуші күш ретінде танитынын келтіреді. Мына деректерге қарап отырып, көне түркілік және түркі-моңғолдық дүниетанымдар ішіндегі Қыдыр/Қыдыр ата феноменінің тамыры қайда жатқанын аңдайсың. Таңырқайсың. Қазақтың сан ғасырлар бойы мифологиясын қалай жеткізгеніне риза боласың. Демек, Қыдыр ата туралы халықтық таным-түсінігіміз бөгденің емес, төл дүниеміз екеніне көзін жете түседі.

### Қазақы салт-дәстүрлердегі Қыдыр ата кереметтері

Алғаш тәуелсіздік алып, Наурыз тойы қайта жаңғыра бастаған кезде жарық көрген «Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер» жинағында әртүрлі табиғат құбылыстарының және төрт түліктің пір-иелерін суреттейді. Жер иесі – Қыдыр ата, қыс иесі – Зымыстан, боран иесі – Ақпан-Токпан, жылқы иесі – Қамбар ата, сиыр иесі – Зеңгі баба, қой иесі – Шопан ата, түйе иесі – Ойсыл кара, ешкі иесі – Сексек ата деп. Мұндағы жер иесі – Қыдыр ата деген сөз бен діни әпсаналарда кезде-

сетін Қыдыр жүрген жердің көгере кететін қасиетіне ұқсайды. Осы еңбекте авторлар «Қыдыр түні» жайында дерек келтіреді. «Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша 21 март түні даланы Қыдыр аралайды екен. Сол себепті осы түн – «Қыдыр түні» деп аталады. Қыдыр – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейінде көзге көрінетін қиял-ғажайып персонаж. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы – Қыдыр ата даланы кезіп жүріп, назары түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен» деп түсініктеме береді (Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер (құрастырған М.Қазбеков) Алматы: Қазақстан, 1991. 13-бет). «Қыдыр түні» туралы мәліметтер басқа да авторларда кездеседі. Мұндағы «Қыдыр түні» деген атау мұсылмандар ораза ұстайтын рамазан айындағы «Қадір түні-

шығады да, Қадыр-Қалша батыр сол қызға үйленеді. Содан қазақ халқы тарапты. «Қазақ» деген сөз сол аққуға айналатын қыздың құрметіне «ақ қаз», «қаз ақ» деген сөзден шығыпты деседі (Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы / (дайындаған М.Қани. – Алматы: Жалын, 1994. 24-бет).


Қадыр Қалша деген есімді қазақ шежірешілерінің сызып жататын схемаларынан да кездестіреміз. Қазақ шежіресі Қадыр Қалша деген есімнен Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс дейтін кісі есімдерін тармақтайды. Мұндағы Қадыр Қалша мен аңыздағы кейіпкердің арасы бір-бірімен ұласып жатыр. Ал, этнограф С.Қондыбай болса, осы Қадыр Қалша антропоникасындағы «Қалша» деген қосымша атаудан қазақтың «алаш» деген атауы шығуы мүмкін екенін еске алады. Автор: «Қалша Қадырдың жараланып айдалада қалуы мен оған аққу-тері қыздың көмегі, батырдың әлгі аруды әйел етуі — Алаша образы мен осындай жараланып далада, суда қалу, оған бір пенделердің жәрдем беруі (қасқыр, қарақұс, аққу), сондай-ақ олардың үйленуі сияқты сюжеттері бар б.з. 6-7 ғасырлардағы көктүрік Ашина мен б.з.д. 2 ғасырдағы Усунь гуньмосы туралы ежелгі далалық аңыздардың бас образдарын өзара байланыстырады» деп ой түйеді. Жалпы қытай транскрипциясымен берілген Ашина, Лежу, Лежау, т.б. есімдерді осы Алаш-Алшы-Елші-Лежу не Алаша-Ашина ықтималдығы арқылы түсіндіріп, Алаш-Қалша мен Елжау-Лежаудың екеуінің де соғыс кезінде далада қалғаны сияқты ұқсастығының арғы жағында тікелей мифтік және тілдік ортақтық жатуы мүмкін екенін ескерді.

Қыдыр ата туралы аңыздарға дейі Қадыр-Қалша туралы аңызда да кейіпкердің тылсыммен байланысын, ғайыптан келетін күш пен көмектің әрекеттесіп, параллель жасап жатуы ғажап сәйкестік. Осылайша, қазақ халқының шығу төркіні туралы әдемі аңызбен әрлеп, ғайыппен байланыстырады, Қыдыр атаға теліді. Қазақ арасында мұндай перизат қыздарға үйленген немесе байланыс орнатқан аңыздық һәм тарихи тұлғалар баршылық. Олардың қатарында Баба Түкті Шашты Әзіздің періден қыз алып, одан Едіге батыр туғаны, Ақан серінің перизатпен көңіл қосып, балалы болуы туралы аңыз-әңгімелерді атауға болады. Және де аңыздардың желісі, сюжеті, ықпалы, ғайыпқа сенуі секілді ерекшеліктері ұқсас жатады. Бұл дегеніміз, ислам келгенге дейінгі халықтың тұрмыс-тіршілігінің, дүниетанымының ұрпақтан-ұрпаққа алмасып, құбыла түсіп, бүгінгі таңға жетіп отырғанын аңдатады. Айтпақшы, қазіргі уақытта Шымкент қаласының аумағына қарайтын Абдулабад тұрғын алабының (Сайрамның оңтүстік шеті, 6 км) жанында Қазтөбе деген X-XII ғасырларға жататын мекенжұрт бар (географиялық координаты 42°16'31.3"N 69°50'30.4"E). Оның да тамырында ақ қаздармен байланысты аңыздар бар. Қызық па?

P.S. Әлбетте, біз пәлен деп қорытынды жасаудан аулақпыз. Десе де, қазақ халқының сонау көне заманнан бергі этнографиялық мұрасының ішінде жылт еткен кез-келген жарықтың астарында тамыры тереңге кететін салмақты жауһар дүние жататындай көрінеді. Қазақтың атақты ғалымы Ә.Марғұлан осындай аңыз-ертегілер мен эпостық жырлардың астарына үңіліп, талай құнды ақпараттардың жатқанын дәлелдеп, дереккез қайнары ретінде пайдалануға жарамды қазына етіп жазып кетті. Оның айтуынша, «Алламыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырларынан басқа да, «Ер Төстік», «Күн астындағы Күнейкі қыз», «Құламерген», «Керқұла атты Кендебай» дейтін аңыздардың астарынан исламға дейінгі түріктер, сақтар, ғұндар, тіпті арийлер кезеңіне кететін деректерді електеп шығарды (Марғұлан Ә. Шығармалары (Үш томнан тұрады). Үшінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2025. – 304 бет.).

Ал, біздің айтпағымыз, Қыдыр ата деген мифтік тұлғаның нақты қай кезеңде өмір сүргенін, тарихи келбетін ашып беру қолымыздан келмесі анық, алайда этнографиялық және тарихи-тұлғалық зерттеу нысаны бола алатынын көрсету болды. Қолымызда тұскен, көзіміз шалған деректер арасынан түртіп алып, ілінген дүниені назарыңызға ұсындық. Осы арқылы оқырманның ғана емес, этнограф ғалымдардың да ойына салсақ дедік. Бұл мақсатымыз орындалды ма, жоқ па, уақыт көрсетер.

С. ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ



## САБАНЫҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

«Саба дегеніміз – қымыз, шұбат ашығу, іркіт пісу үшін пайдаланылатын, мал терісінен пішіп тігілетін ыдыс. Сабаны шел майы мен көк етін қырып тазалап, ағынды суға байлап шаң-тозаңынан арытқан және сыртқы түгін қырып тақырлаған жылқы немесе сиыр терісінен жасайды» деп жазылған екен уикипедиялық анықтамалықта. Бұл пікірге алып-қосарымыз жоқ. Десек де, сәл тарқатып айтар болсақ, тақырланып тазаланған теріден пішіп жасалған сабаның формасы үшбұрыш, төртбұрыш пішінді және қабырға бүйірлері параллель трапециялық үйлесімге негізделуі шарт. Ең бастысы сабаның түбі кең, мойын жағы тар болады. Сабаны піскенде бүлкілдеп, толқып тұратын бүйірін «бұлқын» дейді. Сондай-ақ, сабаның қымыз құйып, байлайтын алқым-ауызын «еміздік» деп атаса, табанындағы түйіскен бұрыштарын «түпеміздік» дейді екен.

Ертеректе қазақ даласының дәулетті адамдары сабасының ірілігіне қарай жеке бас мәртебесін асыратын болған. Жазушы Сәбит Мұқанов: «Біздің елде бес мың жылқылы Есеней деген бай алты айғырдың терісінен саба жасатып, оның атын «Тайжүзген саба» деп атапты. Тайжүзгеннің піспегін арқанға керіп, қарулы жігіттер әрең көтеріп піседі екен», – десе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев ««Шоң бидің сабасы деп айтсын» деп Ақбура қара Алтайдың баласы Қарқынбайдың сабасын алып жүрді. Осы сабаның көрінісі: төрт сары айғырдың терісінен жонын сыртына қаратып, жал-құйрығын өзіне қойып, бұлқынына бір-бір өгіздің терісін тіктіріп, өзін түйеге теңдегенде сегіз қанат үйдің бір үзігі бір жағына тең болады екен» деп жазыпты. Бұндай жылқының жал-құйрығы сыртына қаратып тігілген сабаны қарақұла деп атайды екен.

Бұрынғы қазақтар асқа шақырғанда немесе үлкен тойға барғанда саба-саба қымыз алып баратын дәстүр болған. Мысалы, «Айман-Шолпан» жырында, Мамай бай тоғыз нарға тоғыз саба артып, оған масаты кілем жауап асқа келгені жайлы айтылса, 1853 жылы Ағыбай батыр Өскенбайдың асына бес биенің терісінен тігілген сабаны алдыңғы екі аяғы құрмалдап байланған қос түйеге қосарлы кереге жайып, оның үстіне саба артып барғаны жайлы дерек бар (суретте). Қазақта «Бес биенің сабасындай» деген тіркес бар. Бұл алды кең, алымы зор, пейілі кеңіш, тұлғасы таудай бәйбішелерге қарата айтылса керек.

«Көленке үй, күрпілдетіп саба піскен,

Ас қандай әңгімешіл қымыз ішкен» деп Ілияс ақын (Жансүгіров) жырлағандай, 1803 жылы Сырым Датұлына ас бергенде, 2500 қой, 200 жылқы сойылып, 1000 саба қымыз тартылып, 5000 шелек қымыз ішілген десе (Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі). Энциклопедия: 5-том. «Азия Арна» баспасы, 2014. 116-б), орыс этнографы И.В.Аничков (1863-1921) шөмекей Кәрібайдың асына 200-ден аса үй тігіліп, әрбір үйге бір-бір саба қымыз қойылғаны туралы жазыпты.

Сол сияқты, 1860 жылы дуанбасы Ерден Сандыбайұлына ас берілгенде 500 үй тігіліп, 160 жылқы, 200 қой сойылып, 1000 саба қымыз жұмсалса, дәл осы жылы Қаракөл деген жерде өткен Жаппас Құламбаевтың әкесіне берген асы туралы жазған В.Плотниковтың жазбасы бар. Онда 150 саба қымыз (әр сабада орташа есеппен 10 шелек қымыз деп санағанда 1500 шелекті құрайды) құйылғаны жайлы дерек келтірілсе, «Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болған Мұса Шормановтың асында 200 жылқы, 300 қой сойылып, 20 мың шелек қымыз ішілді» деп жазыпты орыс саяхатшысы М.Путинцев.

Райхан МАТАЕВА

## ТАҚИЯНЫ ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР КИГЕН

Қазақ халқының ұлттық киімдері – ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтының, дүниетанымының және эстетикалық талғамының айнасы. Әсіресе, әйелдердің бас киімдері тек сәндік бұйым ғана емес, адамның жас ерекшелігін, әлеуметтік орнын, отбасылық мәртебесін білдіретін маңызды белгі болған. Сол себепті қыздың, келіннің, ананың бас киімі әрқашан бір-бірінен айқын ажыратылып отырған. Бүгінгі таңда той-думандарда, түрлі мерекелік жиындарда ұлттық киім кию үрдісі қайта жанданып келеді. Бұл – қуантатын құбылыс. Алайда кей жағдайда дәстүрдің мәнін толық түсінбей, ұлттық киімнің ішкі мағынасына назар аудармай қолдану кездеседі. Соның бірі – қыздарға тән тақияны келіншектердің киіп жүруі немесе жас келіндерге тән ақ жаулықтың мәнін ескермей қолдану.

Қазақ ұғымында тақия – бойжеткен қыздың көркіне көрік қосатын бас киім. Ол қыздың жастығын, нәзіктігін, еркіндігін білдірген. Халық ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де тақия қыздың ажарын айқындайтын бейнелі тенеу ретінде жиі кездеседі. Мысалы, ақын-жазушылар қыз сұлулығын суреттегенде «үкілі тақиясы желбіреген», «үкісі бұлғақтаған тақиялы ару» деген тіркестерді қолданған. Мұндай тенеулер қыз баланың нәзік болмысын, жастықтың шырайын айқын көрсетеді. Ал тұрмыс құрған әйелдің бас киімі мүлде басқа мәнге ие. Келін түскенде оның басына ақ жаулық салынады. Бұл – келіннің енді жаңа әулеттің мүшесі болғанын, жауапкершілік пен инабаттылықтың белгісін білдіретін қасиетті нышан. Қазақ «ақ жаулықты ана» деп құрметті аналарды атаған. Демек, ақ жаулық – тек киім емес, ұрпақ жалғастығын, аналық мәртебені білдіретін символ.

Қазақ этнографиясын зерттеген ғалымдар бұл ерекшелікті нақты атап көрсеткен. Белгілі археолог-этнограф Әлкей Марғұлан қазақ әйелдерінің

киім мәдениетін зерттей келе, әр бас киімнің жас ерекшелігіне қарай бөлінетінін айтады. Оның еңбектерінде қыздардың үкілі тақия, бөрік киетіні, ал тұрмыс құрған әйелдердің кимешек пен жаулық тартатыны нақты сипатталады. Сол сияқты қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов та қазақ қоғамындағы киім үлгілерін сипаттағанда әйелдердің бас киімі олардың әлеуметтік мәртебесін білдіретінін ерекше атап өтеді. Оның жазбаларында бойжеткен қыздардың әшекейлі тақиясы мен тұрмыс құрған әйелдердің жаулығының айырмашылығы айқын көрсетілген. Демек, қазақ халқының өмір тәжірибесінде келіншектердің тақия киюі қалыптасқан дәстүр болмаған. Әр киімнің өз орны, өз иесі болған. Бұл – халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған мәдени талғамының, тәртіп пен әдептің көрінісі.

Қазіргі қоғамда ұлттық киімге қызығушылық артқанымен, кейде оның мәнін түсінбей қолдану байқалады. Тойларда, сахналық қойылымдарда немесе фотосессияларда келіншектердің қыздарға арналған үкілі тақия киіп шығуы – осының бір көрінісі. Әрине, бұл әдейі жасалған қателік емес, көбіне дәстүрдің терең мағынасын білмеуден туындайды. Сондықтан ұлттық киімді жаңғырту – тек сыртқы форманы қайталау емес, оның тарихи мазмұнын, мәдени қадірін түсіну. Әрбір бас киімнің артында ұлттың дүниетанымы, тәрбиелік мәні, өмір салты жатыр.

Қазақ «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» дейді. Бірақ дәстүрдің өзегін сақтап, оның мәнін жоғалтпау – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Қыздың көркі – үкілі тақияда, ал ананың айыбы – ақ жаулықта. Осы табиғи үйлесімді сақтай алсақ, ұлттық мәдениетіміздің де сәні мен салмағы арта түсері сөзсіз.

Ләззат КӘДІРБЕК,

Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы

## БІЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ: ОНЛАЙН ОҚУ МА, ДӘСТҮРЛІ ОҚУ МА?

Қазіргі заманда білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырап отыр. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы адамдардың білім алу тәсілдерін де өзгертті. Соның нәтижесінде онлайн оқу кең таралып, көптеген оқу орындары цифрлық технологияларды қолдана бастады. Осыған байланысты «Білімнің болашағы онлайн оқуда ма, әлде дәстүрлі оқуда ма?» деген сұрақ қоғамда жиі талқыланатын маңызды тақырыпқа айналды.

Онлайн оқудың басты артықшылығы – қолжетімділік пен икемділік. Интернет арқылы оқушылар мен студенттер кез келген жерде отырып білім ала алады. Әсіресе қашық аймақтарда тұратын адамдар үшін бұл өте тиімді. Сонымен қатар онлайн платформалар арқылы әлемнің әртүрлі елдеріндегі білім бағдарламаларына қатысып, жаңа

білім мен тәжірибе жинауға мүмкіндік бар. Онлайн оқу уақытты үнемдеп, цифрлық технологияларды жақсы меңгеруге көмектеседі.

Дегенмен дәстүрлі оқудың да орны ерекше. Мектепте немесе университетте өтетін сабақтарда мұғалім мен оқушы арасында тікелей байланыс болады. Бұл оқушының материалды жақсы түсінуіне көмектеседі. Мұғалімнің түсіндіруі, оқушылардың бір-бірімен пікір алмасуы және топтық жұмыстар білім сапасын арттырады. Сонымен қатар дәстүрлі оқу тәртіпке үйретіп, жауапкершілікті қалыптастырады.

Тағы бір маңызды мәселе – әлеуметтік қарым-қатынас. Дәстүрлі оқу барысында оқушылар достарымен араласып, бір-бірінен үйренеді. Бұл олардың ойлау қабілетін дамытып, қоғам-

мен байланысын нығайтады. Ал тек онлайн оқу кейде оқушының жалғыз жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

Сондықтан білімнің болашағы тек онлайн немесе тек дәстүрлі оқумен шектелмейді. Ең тиімді жол – осы екі жүйені үйлестіріп қолдану. Яғни дәстүрлі сабақтармен бірге онлайн технологияларды пайдалану білім сапасын арттырып, оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді.

Қорытындылай келе, қазіргі қоғамда білім алу тәсілдері өзгеріп жатқанымен, білімнің басты мақсаты өзгермейді. Ол – жан-жақты, білімді әрі ойлай алатын тұлға қалыптастыру. Сондықтан болашақта онлайн оқу мен дәстүрлі оқудың үйлесімі білім беру жүйесінің дамуына үлкен үлес қосады.

І. ӘБДІРАХМАН

## АДАМДАРҒА ҮМІТ СЫЙЛАҒАН – «ХАРЕКЕТ»

Қазіргі қоғамда адамдардың бір-біріне көмектесуі, жанашырлық танытуы үлкен маңызға ие. Қазақстанда қайырымдылық пен мейірімділікті насихаттап жүрген ұйымдар көп. Осындай игі істерді жүзеге асырып жүрген ұйымдардың бірі – «Харекет» қайырымдылық қоры. Бұл қор қоғамдағы мұқтаж жандарға көмектесіп, адамдарды бір-біріне жанашыр болуға шақыратын қайырымдылық ұйымы ретінде танымал. Басты мақсаты – жағдайы төмен, көпбалалы және көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету. Қор көптеген адамдардың бірлігінің арқасында жұмыс істейді: ерік-

тілер, кәсіпкерлер, қарапайым азаматтар – барлығы бірігіп, қайырымдылық жасауға үлес қосады.

Қазақ халқы әрқашан мейірімділік пен қайырымдылықты жоғары бағалаған. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, адамдар бірігіп көмектескенде үлкен нәтижеге жетуге болады. «Харекет» қоры да дәл осы бірліктің арқасында көптеген отбасыларға қуаныш сыйлап отыр.

Қордың ең танымал жобаларының бірі – аз қамтылған отбасыларға баспана алып беру. Көптеген отбасы осы қордың көмегімен өз үйіне ие болып, жаңа өмір бастау-

ға мүмкіндік алды. Бұл – тек материалдық көмек емес, адамдарға үміт пен сенім сыйлау.

«Харекет» қоры әлеуметтік желілер арқылы да белсенді жұмыс істейді. Олар қоғамды жақсылық жасауға шақырып, «жақсылық жасау үшін бай болу міндетті емес, ниет болса жеткілікті» деген ойды насихаттайды. Кішкентай көмектің өзі бір адамның өмірін өзгертуі мүмкін екенін көрсетеді.

Бұл қордың тағы бір маңызды ерекшелігі – ашықтық пен сенім. Қайырымдылыққа жиналған қаражаттың қалай жұмс-

лып жатқанын қоғамға көрсетіп отырады. Сол себепті көптеген адамдар бұл қорға сенім білдіріп, қолдау көрсетеді.

Қордың жұмысы бізге бір маңызды шындықты еске салады: қоғамның күші – бірлікте және мейірімділікте. Егер адамдар бір-біріне көмектессе, көптеген мәселелердің шешімін табуға болады. Сондықтан «Харекет» қоры – тек қайырымдылық ұйымы ғана емес, ол жақсылық жасау мәдениетін қалыптастырып жатқан қозғалыс.

Іңкәр МҰРАТҒАЛИҚЫЗЫ

## ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ

# КЕШЕ: БҰРЫН ҚАЗАҚТАР НАУРЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАҒАН?

Бұрын қазақтар Наурыз мерекесін қазіргідей 22 наурызда тойламаған. Еліміздің әр өңірі өз бетінше атап өткен. Бұған әр аймақтың тұрмысы, ауа райы себеп. Этнограф Бағдат Мүптекеқызы журналист Есет Түлешке берген сұхбатында бұрын қазақтардың Наурызды қалай атап өткені туралы былай дейді. «Наурызды дінмен байланыстыратындар қателеседі. Бұл мереке дінге дейін пайда болған. Мұны ұлттық мереке деп атауға болады. Себебі ата-бабамыз ескі заманнан бері Наурызды көктем мерекесі, жылдың басы деп тойлаған. Бұрын ауқатты адамдар ірі қара сойып, соның етіне арпа, бидай, тары секілді жеті дәм қосып, жағдайы төмен адамдарға таратқан. Жылы-жұмсағын, қазы-қартасын қазанға салып, оның төрт құлағына төрт жапырақ май салып, бір күнге жетерлік көже жасайды. Бұл ежелден қалыптасқан дәстүріміз деп айтуға болады. Көжені үй-үйді аралап, Наурызбен құттықтап келгендерге берген. Келе алмай қалғандарға да сыбағасын беріп жіберген. Қазанның төрт ұлағына май салуы төрт түлігіміз сай, төрт құбыламыз түгел болсын дегені. Ғұмырымыз ұзақ болсын, ел-жұртқа абыройлы болайық деген сеніммен кәрі жілік қосқан».

### Тілеу көже

Наурызды қазақтар жыл бастауы деп ұққан, сондықтан баладан қарияға дейін бұрын көп киілмеген жаңа киімін киеді екен. Бұл жаңа жылды жаңаша бастаймыз деген ниеті. Жаңа киіммен, мол дастарханмен қарсы алсаң, жылың солай өтеді деп сенген.



Еліміздің түкпір-түкпірінде мереке өткен. Мысалы, біздегі сабантойдың нақты уақыты жоқ, егін жиналар кезде атап өтіледі. Наурыз да күн жылыған кезде тойланған», – дейді Бағдат Мүптекеқызы.

Этнографтың сөзінше, Наурыз күні ақсақалдар ең бірінші ақ батасын сайлаған. Әрқайсы мерекеле керемет баталар айтқан. Жастар таңнан келіп ақсақалдарды құттықтап, батасын алған.

«Наурыз күні таңнан бастап көкпар, қыз қуу, аударыспақ, белдесу, алтыбақан секілді ұлттық ойындар өткен. Түске қарай ауыл сыртында қазан көтеріліп, Наурыз көже әзірленген. Сол кезде тойшыл қауым бір төбенің басына жиналып, әнін шырқаған. Наурыздағы дастархан береке дастархан деп аталған. Қыстан аман шығып, көктемге жеткен ақсақалдарды төрге шығарып, оларға ірі қараның ұзын омыртқасын сый-табақ еткен.

қара мен ханның, бала мен қарияның бір дастарханда қатар отыратын күні. Бұл күні ешкім бөлінбей, береке дастарханда үлкен әңгіме құрған. «Ақсақалдар бір-бірімен араласпай кеткен ағайын, бауырлар болса, ортаға шығарып, татуластырған. Жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсеткен. Жағдайы болмай, үйлене алмай жүрген жастардың басын қосқан. Біз де сол үрдісті сақтап қалуымыз керек. Наурызды әдеттегі мейрам деп түсінбей, кешіру, көрісу күні, игі іс істеу мерекесі деп ұққанымыз жөн», – дейді ол.

### Бүгін: Наурызанама жаңғырды

2024 жылдан бастап Қазақстанда Наурыз мерекесі жаңа форматта атап өтуге шешім қабылданды. Бұдан былай Ұлыстың ұлы күні жыл сайын 14-23 наурыз аралығында тойланады. Оны жалпыұлттық "Наурызанама" онкүндігі деп атады. Негізгі мақсат – көпкүндік мерекенің қыр-сырын ашып, дәстүрлі сипатын дамыту. Ол үшін онкүндіктің әрбір күні белгілі бір шаралар ұйымдастырылады. 2024 жылдан бастап Наурыз мерекесі жаңа форматта аталып өтеді. Наурызанама бағдарламасында мыналар бар:

14 наурыз күні – **Көрісу күні - Аман мерекесі** тойланады. Бұл дәстүр негізінде еліміздің батыс өңірлерінде сақталған. Аталған мерекені барлық аймақтарда тойлау ұсынылды.

15 наурыз – **Қайырымдылық күні**. Бұл күн ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады.

16 наурыз – **Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні**. Ол күні қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық құндылықтары кеңінен насихатталады.

17 наурыз – **Шаңырақ күні**. Осы күні отбасылық құндылықтарымызды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өтеді.

18 наурыз – **Ұлттық киім күні**. Қазақтың ұлттық киімдерін насихаттауға арналған түрлі іс-шаралар өткізіледі.

19 наурыз – **Жаңару күні**. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрі атқарылады.

20 наурыз – **Ұлттық спорт күні**. Бұл күні елдің барлық аймақтарында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады.

21 наурыз – **Ынтымақ күні**. Бұл күннің идеясы – жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау болып табылады.

22 наурыз – **Жыл басы**. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрменкелер ұйымдастырылады.

Ал Наурызнаманың қорытынды күні, жаңа жылды қарсы алудың символы ретінде 23 наурыз – **Тазару күні** деп жарияланды. Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологиялық акция өтеді.

Наурыздың бірегей логотипі де бекітілді. Онда үш бәйшешек Қазақстанның өткені, бүгінгі мен болашағын білдіреді.

Наурызанама ел бірлігін нығайтудың маңызды факторы ғана емес, Қазақстанның бай тарихы мен дәстүрін кеңінен насихаттауға да негіз бола алады.

Дайындаған:  
**Б. ЖАҚСЫЛЫҚ**

## Айтары бар ақпарат



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЙРАҒЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ӘДЕМІ ТУ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Еліміздің көк байрағы Reddit платформасында өткен онлайн дауыс беру қорытындысы бойынша әлемдегі ең әдемі ту деп танылды. Платформа қолданушылары **Flags of the World** деп аталатын турнирге қатысып, ең үздік мемлекеттік туды таңдаған. Дауыс барысында Қазақстанның туы ондаған елдің туынан басым түсіп, финалға дейін жеткен.

Жартылай финалда ол Сейшел аралдарының туын басып озса, финалда Кирибати елінің туынан көп дауыс жинады.

Нәтижесінде турнир қорытындысы бойынша:

- екінші орынды – Кирибати туы,
- Кирибати – Тынық мұхитының Микронезия мен Полинезия аймақтарында орналасқан/138 мың адам тұрады;
- үшінші орынды – Бутан туы,
- Бутан – Оңтүстік Азиядағы Гималай тауларында орналасқан/800 мыңнан астам адам тұрады;
- төртінші орынды Сейшел аралдарының туы иеленді.
- Сейшел аралдары – Үнді мұхитының батысында, Африканың шығысында орналасқан/130 мыңнан астам адам тұрады.

Дауыс беруді ұйымдастырушылардың айтуынша, қатысушылар Қазақстанның туын ұсынылған барлық тудың ішіндегі ең үздігі деп таңдаған.

«Қазақстан – біздің чемпион! Сіздер дауыс беріп, бұл туды әлемдегі ең үздік ту деп таңдадыңыздар. Қатысқан жандарға рақмет. Бұл үлкен, бірақ өте қызық жұмыс болды», – деп жазды ұйымдастырушылар.

## ҚАЗАҚСТАН ТУЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚ ДЕРЕКТЕР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы 1992 жылғы 4 маусымда ресми түрде бекітілді. Тудың авторы – суретші Шәкен Ниязбеков. Сол жылы өткен арнайы байқауға Моңғолия, Германия, Түркия, ТМД елдері және басқа мемлекеттерден 1200-ге жуық суретші қатысқан. Нәтижесінде Шәкен Ниязбеков ұсынған эскиз тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы ретінде таңдалып, мемлекеттік рәміздердің бірі болып қабылданды.

Туда бейнеленген алтын күннің 32 сәулесі бар. Ал көк түс ерекше мағынаға ие. Ол адалдықты, бейбітшілікті, тұрақтылықты және береке-бірлікті білдіреді.

Қазақстан туы әлемнің әр түкпірінде желбіреп келеді. 1994 жылдың I шілдесінде ғарышкер Талғат Мұсабаев көк байрағымызды алғаш рет ғарышқа алып шықты. Ал 2015 жылы Айдын Айымбетовтің ғарышқа сапары кезінде Қазақстан туы Жер шарын 150 рет айналып шыққан.

Көк байрағымыз әлемнің ең биік шыңы – Эверестке бірнеше рет көтерілді. 2011 жылдың 14 желтоқсанында Оңтүстік полюске жетудің 100 жылдығына орай Қазақстан туы Антарктидада тігілді. Ал 2015 жылдың 14 сәуірінде қазақстандық шаңғы экспедициясы туымызды Солтүстік полюс – Арктикада желбіретті. Сондай-ақ еліміздің туы әлемдегі ең биік жанартаулардың бірінің басына да орнатылған.

Қазақстандағы ең үлкен ту Астанадағы Мемлекеттік рәміздер алаңында орналасқан. Ту тұғырының биіктігі – 111 метр. Ал тудың ені – 15 метр, ұзындығы – 30 метр.

Заң бойынша Қазақстанның Мемлекеттік туы мемлекеттік мекемелердің ғимараттарына міндетті түрде орнатылады. Сонымен қатар ту ілінген кезде оның беті әрдайым оң жаққа қарай желбіреп тұруы керек.



Маманның айтуынша, бұрын ұлыс күнін қазіргідей 22 наурызда ғана атап өтпеген. Мерекенің нақты бір күні де болмаған. Қыстан аман құтылған өңірлер мерекені өз бетінше тойлай берген. «Бұрын қазақтар ру, тайпа болып тұрған. Ақпанның екінші аптасында әр ауылдың ақсақалы бас қосып, «Осы аптада біз Наурыз өткіземіз, келесі аптада сіздер өткізіңіздер» деп келісіп алған. Сол кезде наурыз басталмас бұрын, қыстан шыққан ауылдар тілеуіміз бір деп, тілеу көже жасаған. Кейін сол тілеу көже қазіргі наурыз көжеге айналды.

### Мереке бата алудан басталған

«Бұрын қазіргідей күнтізбе болмады. Бірақ қазақтар бәрін аспанға қарап біліп отырған. Қазіргідей Наурызды атап өтетін нақты күні болмаған. Мысалы, ауа райы жылылау оңтүстік тұрғындары Наурызды ертерек атап өткен. Кейін шығыс пен батыс, солтүстік елі Наурызды тойлаған. Былайша айтқанда, ақпаннан сәуірге дейін

Кейін жастар содан ауыз тиеді», – дейді ол.

(Жоғарыдағы суреттер Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен алынған).

### Хан мен қара қатар тыраптын күн

Күн енкейген кезде екі ақын ортаға шығып, айтыс бастаған. Сол кезде жастар аңыз кейіпкерлері туралы түрлі қойылым қойған екен. Ал қараңғы түсе бастағанда екі жерден от жағылып, жастар жағы таң атқанша алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнаған. Яғни, бұрын қазақтар Наурыздың бір күнін осылай үлкен мереке қылып өткізген. «Қазақтар бұл мерекені тек тойлау деп түсінбеген. Түрлі игі іс істеген. Көктем болған соң төңіректегі бұлақтардың көзін ашқан, қариялар бастап, жастар қолдап, тал еккен. Ашылған бұлақтардың көзіне май тамызып, отырғызылған ағаштарға ақ бүркіген», – дейді Бағдат Мүптекеқызы.

Этнографтың айтуынша, Наурыз –

## ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ: ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАРАЛАДЫ

**«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің күзетілетін жалпы аумағы 119 949 га құрайды, оның 62 865,8 га орманды жерлер. Жалпы өрт қауіпі маусымы наурыз бен қараша айларын қамтиды. Оған дейін орман өрттерінің алдын алу мақсатында дайындық кезінде мемлекеттік инспекторларға техникалық сабақтар жүргізіліп, өртке қарсы құрал-жабдықтар жинақталып, жаңартылады.**

Бүгінде парк аумағындағы жол жиектерінде өртке қарсы аншлағтар орнатылған. Жол бойында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы ескертулер жасалады. Парктің орман қорына шекаралас орналасқан жеке кәсіпкерлік нысандары мен тұрғын үйлер иелерімен арнайы мәмілеге сәйкес өрттің алдын алу, болдырмау туралы үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі.

**Мемлекеттік өңірлік табиғи паркі аумағындағы орман өрттерін уақытында сөндіруді қамтамасыз ететін күштердің құрылымына мыналар жатады:**

- орман күзетінің қызметі, орман учаскелерін күзетуге бекітілген жұмыскерлер, мемлекеттік инспекторларға көмектесу үшін өрт қауіпті маусымда жалданатын уақытша орман өрт сөндіру күзетшілері, орман саласында жұмыс істеп жүрген басқа да МӨТП қызметкерлері;

- орман өрт сөндіру станциялары арнайы дайындалған команда, орман өртін сөндіретін техникалар және автотранспорт құралдармен жабдықталған станция;

- өңірлік парк қызметкерлері мен өндірістік жұмыскерлерден жасалған және оларға бекітілген техникасы бар резервтік өрт сөндіру командасы.

**Орман өртін сөндіргенде келесі әдістер мен техникалық құралдар қолданылады:**

- өрттің етегін жапырақтармен сабалау немесе топырақ шашу;

- өрттің етегін күректің көмегімен топырақ себу;

- топырақатқыш немесе жолақ салу арқылы тосқауыл жасау;

- өрттің таралу жолына минералдандырылған жолақтар мен жыралар салу;

- өртеу немесе қарсы от қою;

- өртті сумен немесе өрт сөндіргіш химикаттардың ерітінділерімен сөндіру.

Өртті дер кезінде сөндіріп алу, өрттің түріне оның таралу жылдамдығы мен күшіне, өрт болып жатқан жердің табиғи орналасуына, қолда бар техника мен құрал-жабдықтардың күшімен оны сөндіру әдістері мен тактикасына байланысты.

### ЕСКЕРТУ

Құрметті қала, аудан, ауыл тұрғындары және парк аумағында демалушы туристер мен қонақтар! Парк аумағымен шекаралас жерлерде немесе парк аумағында от жағуға болмайды. Статистика бойынша орман және дала өрттері демалушылар мен ауыл тұрғындарының отты жағу алдында өрт қауіпсіздігін сақтамауы, жауапкершілікті сезінбеуі және темекі тұқылын сөндірусіз қалдыруынан пайда болады. Осы оқиғалардың алдын алу үшін темекі тұқылын тастамаңыз, тұрмыстық қалдықтарды жинап кетіңіз. Шекаралас аумақта шөптесін өсімдіктерді өртемеңіздер.

Жаңа басталып келе жатқан орман өрттерін байқаған жағдайда бірден су құю, жасыл бұтақтармен сабалау, құм топырақ себу, таптау арқылы отты сөндіру шараларын қолданыңыз. Өз күштеріңізбен өртті сөндіру мүмкін болмаған жағдайда міндетті түрде орман күзеті қызметкерлерін, өрт сөндіру бөлімдерін және жергілікті билік өкілдерін хабардар етіңіз.

Өрт – орманның ең қауіпті жауы. Орманда өрт қауіпсіздігін сақтамаған азаматтар ҚР заңдылықтарына сәйкес өкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

### Құрал БАУБЕК,

**«Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орман және өсімдіктер дүниесін қорғау мен өсімін молайту бөлімінің орман қорғау инженері-мемлекеттік инспекторы**



## НӘЗІКТІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ ҮЙЛЕСІМІ

**ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінің азаматтары қатарларында жүрген шенді қыздарға құрмет көрсетті.**

Мерекелік жиын шекара қызметінде абыройлы еңбек етіп жүрген арулардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы еңбегін дәріптеуге арналды. Сөйлеушілер әйел әскери қызметшілер мен қызметкерлерді көктем мерекесімен шын жүректен құттықтап, олардың қоғам мен мемлекет өміріндегі ерекше ролін атап өтті.

Бүгінде шекара қызметіндегі әйел азаматтар әскери тәртіп пен жауапкершілікті үйлестіре отырып, мемлекеттік шекараны қорғау ісіне өз үлесін қосып келеді. Олардың қатарында офицерлер, келісімшарт бойынша әскери қызметшілер, түрлі бағыттағы мамандар бар.

Салтанатты жиында қызметтік міндетін адал атқарып, ұжым өміріне белсене араласып жүрген әскери қызметшілер мен олардың отбасыларының еңбегі аталып өтті. Сондай жандардың бірі М.Е.Шестаковаға «Шекара аруы – 2026» бейнебайқауына қатысып, шекарашы отбасының құндылығын насихаттағаны үшін ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры атынан диплом табысталды. Марапат несі шекарашы отбасындағы рухани бірлік пен дәстүр сабақтастығын шебер дәріптеді.

Ал, подполковник Г.С.Сейдахметова мен капитан Л.М.Калиеваға Шымкент қаласы әкімінің Алғыс хаты табысталды. Бұл марапаттар олардың қызметтегі жауапкершілігі мен кәсібилігінің жоғары бағаланғанын көрсетеді. Мерекелік жиын концерттік бағдарламамен жалғасты. Шекара қызметінің ардагерлері мен өнерпаздары аналар мен аруларға арналған әндер орындап, көрермендерге ерекше көңіл-күй сыйлады. Ән мен күй, жүрекке жылы сөздер мен алғыс лебіздер мерекенің мазмұнын тереңдете түсті.

Күннің екінші жартысында департаменттің әйел әскери қызметшілері мен олардың отбасы мүшелері Шымкент қаласындағы «Қызғалдақ» салтанат сарайында ұйымдастырылған өнер жұлдыздарының қатысуымен өткен мәдени бағдарламаны тамашалады.

**Бүгінде шекара қызметіндегі әйелдер тек әскери міндетін атқарып қана қоймай, отбасылық құндылықтарды сақтап, ұрпақ тәрбиесіне де зор үлес қосып келеді. Сондықтан да аналар мен аруларға деген құрмет – қоғамның тұрақтылығы мен рухани беріктігінің маңызды белгісі.**

**Р. АСАДИЛОВ**

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Туран Химстрой» ЖШС, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы 338 учасок мекенжайында орналасқан «PM маркалы техникалық сұйық каустикалық сода өндіру цехы» бойынша I санаттағы объектісі үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Жер учаскесінің координаттары:

1 нүкте ендік 42.302569°// бойлық 69.646642°//

2 нүкте ендік 42.301414°// бойлық 69.647234°//

3 нүкте ендік 42.301147°// бойлық 69.646110°//

4 нүкте ендік 42.301555°// бойлық 69.645942°//

Талқылау күні: 24.04.2026ж., сағат 15:00.

Талқылау өтетін орны: Шымкент қ., Еңбекші ауданы, Тәуке хан даңғылы, 338 учасок.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Туран Химстрой» ЖШС

Онлайн конференцияға сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/4869529996?pwd=WjJFci9GWG9GUWVk3L09tMU9BR0ltQT09&omn=76719611585>

Конференция идентификаторы: 486 952 9996, Кіру коды: 777123.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен осы сілтеме арқылы танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Жобаны әзірлеуші: «Tumar Construction Group» ЖШС

эл.пошта: [tcg\\_21@mail.ru](mailto:tcg_21@mail.ru)

Байланыс тел: 8 (776) 741 70 47.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Туран Химстрой», объявляет о проведении общественных слушаний в виде открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объекта I категории для цеха по производству жидкой каустической соды, расположенного по адресу: г. Шымкент, проспект Тауке хана, уч. 338.

Координаты земельного участка:

1 точка широта 42.302569°//долгота 69.646642°//

2 точка широта 42.301414°//долгота 69.647234°//

3 точка широта 42.301147°//долгота 69.646110°//

4 точка широта 42.301555°//долгота 69.645942°//

Дата обсуждения: 24.04.2026 г., 15:00 ч.

Место обсуждения: г. Шымкент, проспект Тауке хана, учасок 338.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Туран Химстрой»

Ссылка на онлайн-конференцию:

<https://us04web.zoom.us/j/4869529996?pwd=WjJFci9GWG9GUWVk3L09tMU9BR0ltQT09&omn=76719611585>

Конференция идентификаторы: 486 952 9996, Код доступа: 777123.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале: <https://ndbecology.gov.kz/>

Разработчик: ТОО «Tumar Construction Group»

Адрес эл.почта: [tcg\\_21@mail.ru](mailto:tcg_21@mail.ru)

Контактный тел: 8 (776) 741 70 47.

### МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

1972 жылы 06 шілдеде туылып, 2025 жылы 03 қазанда дүниеден өткен Махамбетова Қуттықыз Аидаровнаның мұрагерлік ісі ашылды. Мұрагерлер мен басқа да қызығушылық танытқан азаматтар нотариусқа хабарлассын.

Нотариус Райхан Тұрсынбекқызы Ерімбетова

Байланыс телефоны: 8 777 424 17 17.

### ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Нотариус уведомляет о том, что после смерти Адилова Каната Адилевича (18 декабря 1979 г. – 27 ноября 2025 г.) открыто наследственное дело. Всем наследникам и заинтересованным лицам необходимо обратиться к нотариусу.

Нотариус: Умирбекова Молдир Аймаханқызы

Телефон: +7 707 447 87 15.

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «AUYEZOV Company» БИН 130140008847 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: Республика Казахстан, город Шымкент, улица Отырар, дом 54, офис 33, тел: 87017770308. Ауезов Мухтар Кайратович.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: [kyzmet\\_kz@mail.ru](mailto:kyzmet_kz@mail.ru)



Меншік иесі:  
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:  
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:  
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ  
Тілші:  
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ  
Әлия ӘУЕСБЕКОВА  
Тарату бөлімі:  
Дина ХАЙМЕТОВА  
+7771 66 88 765,  
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың  
29 мамырында ҚР  
Мәдениет және  
ақпарат  
министрлігінде  
тіркеліп, мерзімді  
баспасөз  
басылымдарын есепке  
алу туралы №10166-Г  
куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады  
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй  
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс